



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады [2].

Қорытындылай келсек, әрбір ата-ана өз жанұясының келешегі жарқын, әрі берік те күшті болуы үшін келесі міндеттерді жүзеге асыру қажет:

-біріншіден, жанұядағы дене тәрбиесінің алатын орны мен маңызын нақтылау;

-екіншіден, жанұядағы әрбір мүшенің жас және дербес ерекшеліктеріне қарай спорт түрлерімен шұғылдануға жағдай жасауды;

-үшіншіден, спорт түрлерінің әрбір талаптары мен ерекшеліктерін толық жүзеге асыруды;

-төртіншіден, спорт түрлері бойынша қалыптастырған әрбір жетістіктерін одан әрі дамытуға мүмкіндіктер жасау және қадағалау.

Сонымен жас ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесі мына бір жайды айқын дәлелдейді, халық ойыны балалар мен жасөспірімдердің жоғары имандылық, дене қабілеттері мен қасиеттері рухын көтеруде маңызды құралдардың бірі болып саналады.

Қолданылған әдебиет

1. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі», Алматы. -2004.
2. Несіпбаев Б.К. «Ұлт мәдениеті мен өнері», «Білім» - 2003.
3. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» - 2006.
4. Наурызбаев Ж. «Ұлттық мектептің ұлы мұраты», Алматы - 1995.
5. Е.Сағындықов. «Қазақтың ұлттық ойындар». Алматы; «Рауан» - 1991.
6. М.Б.Сапарбаев. Қазақтың ұлттық спорт ойындарының тарихы.
7. Э.Тлеулов. Дене тәрбиесі. Спорт ілімі мен әдістемесі. Шымкент - 2009.
8. Б.Төтанаев. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы.
9. Ұлттық энциклопедия.

УДК709:592.099.13

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНДЕ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ӨЗЕКТІЛІГІ»

Молдахметова Д.А

abekov2015@yandex.kz

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті,
Дене тәрбиесі кафедрасының ДШС-11 топ студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – И.Б. Имангаликова

Білім беру саласының маңызды бір тармағы қолжетімді және сапалы білім беру және бәсекеге түсе алатын түлекті дайындауды мақсат етеді. Жаңару, даму жағдайында білім берудің бұл мақсатына ақпарат-коммуникативті және тағы да басқа инновациялық технологияларға жүгінбей қол жеткізу мүмкін емес.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беру жүйесі жаңа бағыттарға бет бұруда. Бұл үдеріс педагогикалық теориялар мен оқу-тәрбие процесстеріндегі өзгерістермен сүйемелденеді. Ақпарат алмасудың дәстүрлі түрі жаңа заманның ақпарат-коммуникативті технологияларына жол берді. Мұндай жағдайда оқытушыға инновациялық технологиялардың кең шоғырына бейімделу керек. Заманауи ақпараттық қоғам мұғалімнің алдына өзгермелі өмірдің кез-келген жағдайына бейімделе алатын, өздігінен білім алып, оны тәжірибеде қолдана алатын, заманауи технологияларды қолдана отырып туындайтын мәселелердің уақытылы оңтайлы шешімдерін таба алатын, білімдерін қайда және қашан қолдану керек екендігін айқын білетін, ақпаратпен саналы жұмыс істей алатын, қоғамның әр түрлі топтарында өзін көрсете алатын, топпен жұмыс істей алатын, өз санасын, ойын, мәдени деңгейін өздігінен дамыта алатын түлектерді дайындап шығу талабын қояды. Дәстүрлі білім беру тұрғысынан бұл

талаптарға сай тұлғаны шығару қиынға соғады. Білім беруді ақпараттық-коммуникативті технологиялармен байланыстырудың біршама артықшылығы бар: ақпараттық-коммуникативті технологиялар оқушылардың аналитикалық қызметінің жандануына септігін тигізеді. Бүгінгі таңда оқушының жеке дамуына жағдай жасайтын технологиялардың пайда болуы қалыпты жағдайға айналды [1].

Сонымен бірге оқытушының алдына жаңа талаптар қойылады:

- әрбір оқушының қызығушылығын арттыру;
- оқушының үлгерімін жауаптарының дұрыс-бұрыстығына қарай емес, мақсатына қалай, қандай жолымен жеткеніне байланысты бағалау;
- оқушының талпынысын, басқалардың жұмыстарын аналалық талдау жасауын қолдау, т.б.

Қазіргі таңда оқытушыға қажетті әдістемелік мәліметтермен сүйемелденген түрлі-түрлі жаттықтыратын бағдарламалар бар. Әрине, әрбір бағдарламаның өзіндік кемшіліктері бар, бірақ бағдарламалардың көптеп пайда болуының өзі олардың талап етілетінін айқындайды.

Өртүрлі көрнекі материалдар, мультимедиялық және интерактивті модельдер оқу барысын сапалы деңгейге көтереді. Сонымен қатар, психологиялық факторларды да естен шығармаған жөн: заманауи балаға ақпаратты жаңа технологиялар арқылы қабылдаған қызығырақ әрі жеңілдірек.

Дене шынықтыру пәнінде келесідей инновациялық технологияларды қолдануға болады:

- денсаулық сақтау технологиялары;
- оқушылардың қызметін топтық ұйымдастыру;
- сабақ барысында және сабақтан тыс ақпаратты-коммуникативтік технологияларды қолдану;
- жарыс тәсілінің технологиясы.

Денсаулық сақтау технологияларына:

- оқушылардың физикалық дамуына байланысты қатал, арнайы үйлестірілген физикалық күш;
- ғимараттың температурасы мен вентиляциясының қатаң тексерілуі;
- сумен байланысты шаралардың алдындағы және соңындағы тексеріс;
- арқаның қисаюын, көздің ауруларын алдын алу шаралары, т.б..

Сабақ барысында оқытушы компьютерлік бағдарламалардың бірнеше түрлерін қолдана алады:

1. Оқу (жетекшілік) бағдарламалары көбінесе жаңа ақпаратты максималды түсіну үшін қолданылады.

2. Жаттығу-бағдарламалары – оқушылардың шеберлігі мен білімдерін қалыптастыру және бекіту үшін, сонымен қатар, оқушылардың өзін-өзі дайындауы үшін. Бұл бағдарламалар әдетте теориялық материал меңгерілгеннен кейін қолданылады.

3. Бақылау бағдарламалары – белгілі бір дәрежедегі білім мен шеберлікті тексеру үшін. Бұл тип әр түрлі тексеретін жаттығулардан тұрады, оның ішінде тесттік формадағы жаттығулар да бар.

4. Көрсету бағдарламалары – оқу материалдарын көрнекі көрсету үшін, әр түрлі көрнекі дәлелдер (суреттер, бейнежазбалар) үшін қолданылады.

5. Ақпарат-анықтама бағдарламалары – Ғаламтордың оқу қорларына қосылу арқылы алынатын ақпараттың қорытындысы үшін.

6. Мультимедиа-кітаптар – жоғарыда көрсетілген бағдарламаларды байланыстыратын кешенді бағдарлама.

Қоғамның дамуы, бүгінгі таңда, өміріміздің барлық айналасында ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолдануға мәжбүрлейді. Заманауи мектептер мен жоғары оқу орындары уақыт талабынан артта қалмауы тиіс, демек, заманауи оқытушы өз ісінде - коммуникативті технологияларды қолдану керек [2].

Әрбір оқушы жаңа ақпаратты әр түрлі қабылдайтыны әлдеқашан белгілі. Бұрынғы кезде оқытушыларға әрбір оқушымен дара тіл табу қиынға соққан. Енді компьютерлік торлар мен онлайн әдістерді қолдану арқылы мектептер мен жоғары оқу орындары жаңа ақпаратты әрбір оқушының тілегін қанағаттандыратындай етіп жеткізу мүмкіндігін алды.

Заманауи білім беру саласында ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолдану өзекті мәселеге айналып отыр. Ақпараттық-коммуникативті технологиялар білім беру процессінің тиімділігі мен нәтижелілігін біршама арттыра алады.

Компьютерлік технологиялар заманауи білім беру орталықтарында кең қолданыста. Бұған қарамастан, дене шынықтыру пәніндегі инновациялық технологияларды қолдану өзгеше: білім алушылар жөніндегі дерекқор, олардың физикалық даму мен физикалық дайындығы жөніндегі мониторинг, жобалау тәсілі – білім беру тәжірибесінде әлі кең таралмаған.

Жобалау тәсілі «табиғи ортаны» қалыптастыруға көмектеседі, басқаша сөзбен айтқанда, оқушылардың біліктілігін арттыру үшін барлық жағдай барынша шынайыға жақын болады.

Қызметтің бұл тәсілі келесідей кезеңдерден тұрады:

- жобалау ойын дайындау (жағдайды саралау, мәселені талдау, жобалау, мақсатты тұжырымдау);

- жобалау ойын іске асыру;

- жобалау нәтижесін бағалау;

Осылайша, жобалау әлі жоқ нәрсені жасайды. Терминологияда «жобалау» түсінігі «мәселе» түсінігімен жиі байланыстырылады.

Жобалаудың мұндай түсініктемесі оның оқу барысында кеңірек мүмкіншіліктеріне жол ашады. Оқытушының алдына енді дидактикалық және тәрбиелік мақсаттар қойылады. Танымдық істің жасанды жағдайға ауысуы барысында оқу қызметі туындайды. Зерттеу, шығармашылық, ойын, жобалау қызметтері бойынша да дәл солай. Осылайша, жобалау сөзінің астарында оқытушымен арнайы ұйымдастырылған, оқушының өзі орындайтын іс-әрекеттің кешені жатқанын түсінеміз. Жобалау тәсілінде оқытушының рөлі деңгейге байланысты өзгереді. Бірақ барлық деңгейде педагог көмекші ретінде болады. Оқытушы білімді тасымалдамайды, ол тек оқушының ісін, қызметін қамтамасыз етеді:

- кеңес береді;

- уәждейді;

- көмектеседі;

- бақылайды.

Оқушы жобалау барысында:

- таңдайды (шешім қабылдайды);

- мұғаліммен және сыныптасымен немесе топтағы досымен қарым-қатынас жүйесін тұрғызады;

- өз қызметінің тауарын бағалайды және саралайды (өзін-өзі бағалау).

Ақпаратты ұсынудың мүмкіншіліктерін компьютер барынша арттырады. Түстерді қолдану, графика, мультипликация, дыбыс, бейнежазбаны жаңа құралдары – шынайы, табиғи жағдайды келтіруге көмектеседі (мысалы, оқушы өзін жарыс қатысушысы ретінде сезінуі мүмкін).

Дене шынықтыру пәнінде интерактивті тақталарды қолдану техникалық тұрғыдан меңгеруі қиын спорттардың түрін (волейбол, баскетбол) үйренудің барысын біршама жеңілдетеді. Оқытушы, интерактивті тақтамен жұмыс істей отырып, техникалық қимылдарды бөліп, слайд арқылы өзіне қажетті жылдамдықпен, жете, толық көрсете алады. Маркердың көмегімен слайдты көрсету барысында нұсқарларды сала отырып қолдың, аяқтың, кеуденің қозғалу бағытын салады. Қателерді талдауға да болады. Қол мен аяқтың бұрыс жұмысында доп қайда ұшып кететін нұсқарлармен көрсетуге болады. Техникалық әдіс-тәсілдерді оқытудың мұндай жолы өте нәтижелі, түсінікті әрі оқушыларға ұнайды [3].

Интерактивті тақтаны дене шынықтыру пәнінде қолданудың нәтижелері:

а) кез-келген физикалық дайындықта абсолют қол жетімділік;
б) волейбол мен баскетбол ойындарының техникалық амалдарын үйренуде оқушылардың қызығушылығы;

в) бұл білімдері мен шеберлігін өмірде қолдану (демалыста, жазғы лагерьлерде).

Компьютерлік сауаттылықты меңгеру деңгейлері:

Оқушылардың дене шынықтыру курсының барысында спорттық-компьютерлік білімді қабылдаудың бірнеше деңгейін атап көрсетуге болады.

I деңгей – көзбен шолу (5-7 сыныптар) – спортшылардың қимыл-қозғалыстарын қарап, бірнеше элементтерден бір толық көрініс құрау;

Бұл жаттығулар абстракты, бейнелі ойлаудың дамуына септігін тигізеді. Оқушылар жеке-жеке бөлек элементтерден тұтас көрініс құрау мүмкіншілігіне ие болады, сонымен қатар, теоретикалық білімдерін тәжірибеде жеңіл көрсете алады.

II деңгей – техникалық (8-9 сыныптар) – ұзақ қимылды бейнежазбаға түсіру үшін видеоаппаратураларды қолдану (камералар, фотоаппараттар мен ұялы телефондар), кейін оларды «Даралай түсіріс» бағдарламасында зерттеу, талдау.

Білім алушыларда видеоаппаратуралармен жұмыс істеу қабілеттері артады, аналитикалық ойлау қалыптасады, ұзақ қимылдың техникасын егжей-тегжейлі зерттеу мүмкіншілігін алады.

III деңгейде – саралау (10-11 сынып) – жоғары сынып оқушылары мәліметтерді саралаудың нәтижесінде шешім қабылдауды үйренеді, олар өзін-өзі баламалы бағалай алады.

Дене шынықтыру пәнінде оқушылар әр түрлі компьютерлік бағдарламаларды меңгереді: «Flash» бағдарламасын, Ғаламтор.

Ақпараттық-коммуникативті технологияларды жиі қолдану оқу барысының нәтижесіне әсер ететіні байқалады. Ол ақпараттық-коммуникативті технологиялар жеке тұлғаның бағалау-уәждемелеу аясында әсер етуімен түсіндіріледі. Егер ақпараттық-коммуникативті технологиялар сирек қолданылса, онда ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолданудың әр уақыты оқу материалын қабылдау мен меңгеруді өзгертетін эмоциялық күйге бөлейді. Керісінше, ақпараттық-коммуникативті технологияларды жиі қолдану оларға қызығушылықтың жоғалуына әкеліп соғады.

Дәстүрлі ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолданудың қалыпты жиілігі мен ұзақтығы білім алушылардың жасы мен қолдану мақсатына қарай белгіленеді. ақпараттық-коммуникативті технологияларды дене шынықтыру бағдарламасының әрбір бөлімінің басында қолдану дұрысырақ.

Ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолданудың нәтижелілігі де сабақтың деңгейіне байланысты. Алдымен, ақпараттық-коммуникативті технологиялар сабақтың дайындық бөлімінде, бекіту үшін немесе білімдерін тексеру үшін қолданылады. Ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолдану сабақ барысында 15 минуттан аспауы керек. 15 минут қимыл-қозғалыстың техникасын түсінуге жеткілікті екені тәжірибе жүзінде дәлелденген.

Оқу барысында ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолдану өте маңызды. Ақпараттық-коммуникативті технологиялар оқушыларды шығармашыл етіп, сабақ барысын жан-жақты, қызықты етеді.

Дене шынықтыру бойынша сабақтан тыс жұмыстардың танымал бір формасы «Дене шынықтыру» пәнінен олимпиада болып табылады. Бұл олимпиаданың ең басты өзгешелігі олимпиаданың мазмұны мен кітап материалдарының байланысы және күрделі, ауыр сайыс жағдайларында оқушылардың білімінің сапасын тексеру болып табылады.

Сондықтан қазіргі таңда «Дене шынықтыру» пәнінен олимпиадаға дайындалу барысында оқытушылар мен оқушылар ақпараттық-коммуникативті технологияларды көптеп пайдалануда.

Қорытындылай келе, ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолдану әлдеқашаннан бері ешкімде қорқыныш сезімін туғызбайды. Осылайша, ақпараттық-коммуникативті технологиялар бүгінгі күні білім беру қызметінде сапаны арттыру, жалпы

мәдени тұлғаны қалыптастырудағы мәселелерді шешу, тұлғаның қоғамдық өмірге бейімделу құралы болып табылады.

Қолданылған әдебиет

1. Алехина Е.О. «Педагогический контроль знаний студентов вузов физической культуры с использованием тестовых технологий» // Санкт-Петербург, - 2006., –С 23.
2. Богданов В. М., Пономарев В. С., Соловов А. В. «Информационные технологии обучения в преподавании физической культуры. // Теория и практика физической культуры», - 2001.- №8. - С 55-59.
3. Мацибурский А.В. «Формирование педагогического мастерства преподавателей физической культуры» // Ученые записки университета имени П.Ф. Лесгафта. - 2008. - № 5. – С 71-74.

УДК 796.433.7

ДЕНСАУЫҚТЫҢ МАНЫЗДЫ КЕПІЛІ ГІР КӨТЕРУ СПОРТЫ

Наурызбайұлы Алибек

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Әлеуметтік ғылымдар факультеті

«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші-Н.С.Алпыспаев

Кез- келген спорт түрімен шұғылдану жеке бұлшықеттердің жақсы дамуына, сондай-ақ адамның сыртқы келбетіне, жүріс-тұрысына, өзін-өзі ұстауына және дене мүшелеріне барынша септігін тигізеді. Спорттың бір түрлері бүкіл дененің бір- бірімен үйлесуін қамтамасыз етсе, басқалары иық аумағын, бел мен аяқ бұлшықеттерін дамытады. Бұлшықет жүйесінің дамуының ең бір нәтижелі әдісіне – ауырлық көтеру жаттығулары, атап айтқанда, гир көтеру жатады. Оның көмегімен туа біткен, сонымен қатар жүре пайда болған дене бітімінің ақауларын қалыпқа келтіруге болады. Спорттың көптеген басқа түрлерімен салыстырғанда, гир көтерудің бірнеше артықшылықтары мен құндылықтары бар. Бұл- ең алдымен, үнемділік, қолжетімділік. Гир көтерумен үйде жалғыз, далада топпен немесе мектепте, әскерде тіпті кеме мен сүңгуір кемесінде және т.с.с. жерлерде шұғылдануға болады. Гирдің құны айтарлықтай қымбат емес, ал оны қолдану мерзімі шектелмеген. Киім үлгісі де көп шығынды қажеттпейді.

Жеке бұлшықет топтарының қызметі мен олардың орналасуын білу атлетке әртүрлі жаттығу бағдарламаларының мазмұны мен мағынасын түсінуге, өзіне қажет жаттығулар мен құралдарды, сонымен қатар, спорт түрін таңдауға мүмкіндік береді. Жүдеу болсаңыз және бұлшықеттеріңізді дамытып отырмасаңыз, бұл салауатты өмір салтына апармайтыны белгілі. Ал, егер, спортпен шұғылдансаңыз, денсаулығыңызды нығайтып, жаман әдеттерден арылатыныңыз анық. Физикалық дамудың көптеген бағалау тәсілдері және сұлулық қағидалары бар, сондай- ақ, адамның дене бітімін анықтаудың әр түрлі жолдары қолданылады. Алайда, денсаулыққа, еңбекке қабілеттілікке, сұлулыққа апаратын жолдар төмендегілер болып саналады:

1. Өзінің физиологиялық дамуына баға беру
2. Басты бұлшықет топтарының дамуы мен қатаюы;
3. Қорытынды нормативтердің орындалуы;
4. Дене пішінінің өз кемеліне жетуі;
5. Таңдаған спорт түрімен үзбей машықтану;

Атлетикалық спорт кез- келген жаста да пайдалы. Дегенмен, 12-13 жастағы жасөспірімдер бұлшықеттердің жан-жақты дамуына мән берулері тиіс, әрине ауырлық көтеруге болмайды. Мұндай ауыртпалықтарға олардың сүйек бұлшықет жүйесі әлі дайын